

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance.....	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер.....	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы.....	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks.....	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері.....	49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер.....	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence».....	69

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты.....	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзіпа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы	181

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде	211

*А.Н.ОРАЗ¹



Қ.Т.МАЛИКОВ²



Н.С.ХАЛИКОВА³



А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан³

(e-mail: aydana.oraz.1997@mail.ru¹, k.malikov@mail.ru², Khalikova.nurila1976@mail.ru³)

МНЕМОТЕХНИКА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТİNДЕ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде мнемотехниканы қолдану әдістемесі туралы айтылады. Мақаланың мақсаты мнемотехника әдістерін дәстүрлі оқу процесіне біріктірудің тиімділігін талдау. Мнемотехниканы оқу үдерісінде қолдану лексикалық бірліктерді еріксіз есте сақтауға ықпал етіп, оларды ұзақ мерзімді жадыдан тез еске түсіруге, лексикалық бірліктерді грамматикалық байланыстыра алуға және олардың грамматикалық мағынасын түсінуге көмектеседі.

Зерттеу жұмысында оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыруды оңтайландыру үшін мнемотехниканың әртүрлі әдістері қарастырылады. Атап айтқанда, мнемотехникалық әдістер: фонетикалық ассоциациялар әдісі, еркін ассоциация әдісі, белсенді қайталау әдістері талдау нысанына алынды. Жұмыста лексикалық дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде мнемотехника әдістерін қолданудың бірқатар артықшылықтарына, сондай-ақ бұл әдісті оқу үдерісі кезінде пайдалануда туындауы мүмкін мәселелерге ерекше назар аударылады.

Мақалада білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыру аспектісінде мнемотехниканы қолдану мәселесі бойынша педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің талдау нәтижелерін жинақтап, қазіргі лингводидактика үшін зерттеу жұмысының өзектілігін растайтын ғалымдар мен практик педагогтардың балама көзқарастарына талдау жүргізіледі. Тіл үйрету процесінің тиімділігін арттыру үшін мнемотехниканың жоғары әлеуеті туралы қорытынды жасалады.

Мнемотехниканы оқу процесіне әдістемелік тұрғыдан дұрыс интеграциялау білім алушылар игеретін лексикалық бірліктер көлемінің ұлғаюына, тілдегі қабылдауға ауыр материалдарды неғұрлым егжей-тегжейлі тануға ықпал етеді, білім алушыларда дидактизация дағдыларын қалыптастырады. Позитивті оқу ортасының арқасында пайда болатын нәтижелі білім жағдайы оқушылардың лексикалық дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: лексикалық дағдылар, мнемотехника, ассоциация, мнемоникалық әдістер, тілді оқыту.

Кіріспе. Қазақ тілін орыс тілді ортаға оқыту өзекті мәселелердің бірі. Соның ішінде орыс сыныптарына қазақ тілін оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастыруға негізделген әдіс-тәсілдер оқушылардың тіл үйренуге қызығушылығын тудыра алатындай деңгейде заман талабына сай үнемі жетіліп отыруы қажет. Кез келген тілді меңгертуде, алдымен оның әртүрлі аспектілерін меңгеру, екіншіден, қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге дағдылану оқыту процесіндегі ең күрделі мәселелердің бірі [1]. Мақалада қазақ

тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісін жеңілдетіп, нәтижеге бағыттайтын мнемоникалық әдістерді сабақ барысында пайдаланудың жолдары ұсынылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тілі сабақтарында мнемотехниканы пайдаланып, оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ лексикалық материалдарды меңгеруде ақпараттарды есте сақтаудың мнемотехникалық тиімді әдістерін ұсыну.

Мемлекет шеңберінде қазақ тілі негізгі басымдық, рухани және ұлттық бірліктің басты факторы ретінде анықталады. Осы орайда оны меңгеру әр қазақстандықтың борышы әрі міндеті, қоғамдық өмірге белсенді қатысуға және жеке бәсекеге қабілеттілікке стимул беретін құралға айналуы тиіс. Қазақ тілін Қазақстанның ұлттық тілі ретінде қалпына келтіруде мәртебесін көтеруге, білім берудегі тіл үйретуді нәтижеге бағыттауға, қазақ тілінде сөйлеушілер санын көбейту мен тіл беделін арттыруға мемлекет тарапынан ерекше назар аударылып жатыр. 2017/2018 оқу жылындағы көрсеткіш бойынша ел аумағындағы барлық мектеп оқушыларының 66%-ы қазақ тілді мектептерде, ал ЖОО білім алушыларының 65% - ы қазақ тілінде оқиды екен. Соған қарамастан, қазақ тіліне қауіп төндіретін дүрбелең дискурсы жалғасуда [2]. Сондықтан да тіл үйрету мәселесі қоғам өмірі мен әлемдік білім беру үдерісінің соңғы жаңалықтарынан тыс қалуға болмайды. Қазақ тілін оқыту процесін жетілдіру үшін жаңа әдістемелер құрылып, жаңа технологияларды қолдануға ұмтылу заңдылыққа айналып отыр. Қолданыстағы әдістемелер мен инновациялық компьютерлік технологиялардың молдығы тілді оқытудың ыңғайын еркін таңдауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Мақалада қазақ тілін орыс тілді сыныптарда оқытуда тіл үйренуге қызығушылық тудыратын мнемотехника әдістерін сабақ барысында қолданудың жолдары жайлы сөз болады.

Мнемотехника (мнемотехника) кем дегенде екі мың жылдан бері белгілі. «Мнемоника» терминін біздің эрамызға дейінгі V ғасырда Самостық Пифагор енгізді деген болжам бар. Мнемотехникаға қатысты алғашқы жұмыстың авторы Цицерон деген деректер де кездеседі. Мнемотехниканы Джордано Бруно зерттеп, дамытқан, ал Аристотель оған қызығушылық танытып, бұл әдісті өнер деп танып, оны өзінің шәкірті Александр Македонскийге үйреткен. Юлий Цезарь мен Наполеон Бонапарт мнемотехникаға негізделген феноменальды жадыға ие болды [3, 564].

Әдебиеттерде мнемотехниканың әртүрлі жүйелері сипатталған, бірақ олардың барлығы екі негізгі түрге бөлінеді – классикалық мнемотехника, Ad Herennium (б.з.б. 86-82 ж.ж.) кітабынан шыққан және Петер Рамус тұжырымдаған педагогикалық мнемотехника (XVI ғасырдың аяғы). Классикалық мнемотехника көрнекі (бейнелі) ойлау механизмдеріне негізделсе, педагогикалық мнемотехника сөздік ойлауға бағытталған. Педагогикалық мнемотехниканың типтік әдістеріне есте қалған материалды өте ұсақ бөліктерге бөлу, осы бөліктерді қарқынды қайталау, есте қалған сандық ақпараттан алынған әріптерге сәйкес сөз тіркестерін құрастыру; жаттанды ақпараттан заңдылықтарды іздеу, оны жіктеу және жүйелеу, құрылымдық сызбаларды құрастыру жатады. Осылайша, мнемотехника когнитивті ғылымға жатады, өйткені ол ақпаратты қабылдау және жаңғырту процестерімен айналысады.

Мнемоника (гр. mneme-жады) – ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін арнайы әдістер жүйесі. Сондай-ақ мнемоникалық әдістер жадыны дамытудың тәсілдері және есте сақталатын ақпаратты өңдеу тәсілдерінің жүйесін құру дегенді білдіреді. Мнемоникалық әдіс дидактика саласында әлі күнге дейін толыққанды зерттелмеген. Мнемоника немесе мнемотехникалық әдістер психология және логика ғылымында қолданылады. Тіл үйрету үшін мнемотехниканы пайдалану нәтижелері боларсы сөзсіз. Сөздерді ұзақ мерзімді жадыға сақтау арқылы тілді үйрену мен коммуникацияда қолдану әлдеқайда нәтижелі болады [4, 209].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада зерттеу тақырыбының кейбір мәселелерін шешу барысында қазақ, орыс тілдерін оқыту әдістемесі мен тілді оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастырудың әдістемесі туралы ғылыми еңбектер қаралып, талданды.

Соның ішінде орыс ғалымы М.А. Зигановтың визуалды ойлау арқылы есте сақтау мен ассоциативті әдістер арқылы лексиканы меңгерту туралы тұжырымдары басшылыққа алынды. Е.Ю. Панинаның жоғары сынып оқушыларына мнемотехниканы пайдаланып, тілді оқытуда лексиканы меңгерудің тиімді әдістері жайлы ойлары негізге алынды.

Сондай-ақ отандық ғалымдардан мнемоникалық әдісті тіл үйретуде қолданудың әдістемесі жайлы С.Қ. Омарова, Қ.Қ. Қадашева, А.Қ. Мырзаханованың тұжырымдары қарастырылды. Ассоциация әдісін қазақ тілін үйретуде пайдалануда түркітанушы, ғалым Ә. Қайдардың түбірлес қазақ, орыс сөздерін мысал ретінде пайдаландық.

Еркін ассоциативті әдіске эксперимент жүргізген ғалымдар А.А. Залевскаяның пікірлері талданып, шетелдік ғалымдардың еркін ассоциативті әдіс негізінде шет тілдерін үйретуге қатысты жүргізілген эксперименттерінің нәтижелері басшылыққа алынды.

Мақалада зерттеудің келесідей әдістері қолданылады: зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамаларын нақтылау үшін педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді синтездеу; мнемотехника әдісін пайдалану арқылы оқушылардың қазақ тілін үйренуде лексикалық дағдыларын қалыптастыру мәселелері бойынша оқу-әдістемелік идеяларды жүйелеу және жалпылау; тілді оқытуда білім беру жүйесіндегі өзіндік педагогикалық тәжірибені жалпылау; құрылымдық-функционалдық, жүйелік талдау; алгоритмдер теориясы; зерттеудің нәтижелерін түсіндіру.

Талқылау мен бақылау. Кез келген қарым-қатынастың негізгі компоненті – бұл сөз. Сондықтан да тіл үйрету әдістемесінде лексикалық минимумдарды есте сақтау ең өзекті мәселелердің бірі. Сондай-ақ шет тілін үйрену кезінде тілдегі кейбір лексикалық бірліктердің көпшілігінде ана тіліндегі баламалары жоқ, бірақ грамматикалық сипаттамалары болуы мүмкін. Тіл үйренуде кездесетін осындай қиындықтар – сол тілді меңгеруге деген ынтаның төмендеуіне, қызығушылықтың жоғалуына әкеледі, бұл лексикалық дағдылардың қалыптасуына теріс әсер етері анық. Лексикалық бірліктерді игеру, оларды есте сақтау мен қолдана білудің психологиялық ерекшеліктерімен тікелей байланысты.

Тілді оқыту процесінде психикалық үрдістердің табиғатын ескеру маңызды. Психологтардың пікірінше, тілді оқытуда оқушының ойлау қабілетінде, оның алғашқы алған біліміне сүйеніп, сөйлеу дағдыларын саналы түрде қалыптастырған дұрыс. Сол кезде ғана қалыптасуы қажет дағдылар орнықты, нық қалыптастады. Ал сөйлеу кезінде қолданылатын тілдік тұлғалар алдымен аз сақталатын ес арқылы қабылданып, сосын жаттығулар мен қайталаулар, видео және аудио жазбаларды т.б. пайдалану арқылы білім алушылардың есту, көру сезімдеріне әсер етіп, олардың ойлау қабілеттерін жақсартады. Сондай-ақ күнделікті сабақта қолданылатын әртүрлі әдістерді жетілдіріп отыру оқушылардың түсіндірілген материалды саналы түрде меңгерулеріне ықпал жасайды. Демек, мұғалімнің міндеті – жаңа лексикалық бірліктерді еріксіз есте сақтау тетіктерін белсендендіруге мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастыра білу. Бұл үдерісті жаңа сөздерді ұзақ мерзімді жадыға сақтау арқылы субъективті жолмен жүзеге асыруға болады. Осы орайда көптеген тілдерді меңгеруде нәтижелі әдіс ретінде кеңінен қолданылып жүрген мнемотехника есте сақтауға және ұзақ мерзімді жадтан қажетті лексикалық бірліктерді қарым-қатынас барысында еркін қолдануға көмектеседі. Бейнелі әдістердің бірі мнемотехника әрбір білім алушымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді, өйткені олар барлық сезім мүшелеріне әсер етеді: көру, есту, иіс, жанасу. Бұл әдістің әртүрлілігі мен бірегейлігі білім алушылар зейінінің әлсіз шоғырлануын жақсартуға, тіл үйренуге мотивация тудырып, сонымен қатар лексикалық бірліктерді оңай есте сақтауға және коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Осы орайда тіл үйрету кезінде оқу процесінде мнемотехниканы қолдану білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыруда тиімді әдіс екендігін атап өткен жөн. Мысалы:

- ұзақ мерзімді жадтан жедел жадқа лексикалық бірліктерді шақыру;
- тиісті коммуникативті тапсырмаға сәйкес лексикалық бірліктерді дұрыс таңдау;

- сөздерді байланыстырып, сөйлем құрай алу;
- ауызша және жазбаша тілде лексикалық бірліктерді мағынасымен тану.

Жалпы тілді меңгеруде екі жүйеге басымдық берген абзал: фонологиялық және лексика-грамматикалық. Лексика-грамматикалық жүйе мағына деңгейімен байланысты (семантикалық және прагматикалық мағынада). Сондай-ақ тіл біліміндегі бұл екі жүйе үнемі бір-бірімен байланысты. Мысалы, ритак пен рифма арқылы фонологиялық деңгейде маңызды емес болып көрінетін байланысты лексикалық деңгейде байланыс жасау үшін пайдалануға болады [5].

Қазақ тілін үйретудің тиімді құралы ретінде лексикалық дағдыларды қалыптастырудың барлық кезеңдерінде мнемотехниканы қолданудың артықшылықтары талданды. Мнемотехника – есте сақтаудың табиғи механизмдерін белсендендіреді және лексикалық минимумдарды есте сақтауға және оңай еске түсіруге ықпал етеді. И.А. Славкина, Ю.М. Малаева, Н.С. Тарасюк және Я.С. Славкина білім беру тәжірибесінде мнемотехниканы қолдану тәжірибесімен бөлісе отырып, бұл әдісті оқу процесінде қолданғанда оның барлық ережелерін сақтасаңыз, күрделі ақпараттың жеткілікті үлкен көлемін есте сақтауға мүмкіндік беретініне назар аударады. Мнемотехниканың оқу процесінде пайдаланылатын әдістерінің түрі көп, солардың кейбіріне тоқталып көрейік.

Сөзді семантизациялау процесі мен қолдану барысында коммуникативті фон құру үшін әр түрлі көрнекілік түрлері қолданылады (тақырыптық суреттер, плакаттар, коллаждар, фильмдер, схемалар, бейнелі салыстырулар). Образды суреттер неғұрлым қанық, түсінікті болса, ол суреттің әсері де соғұрлым жақсы және тіл үйренушінің алған эмоциясы күшті болады. Мұның бәрі сөзді есте сақтауға зор ықпал етеді. Мнемотехника осы аталған шарттардың барлығын жүзеге асыруға бағытталған әдістердің жиынтығынан тұрады. Лексиканы коммуникацияда қолдануға негізделген көптеген жаттығуларды орындау кезінде және жүйелі қайталау кезінде лексикалық бірліктер белсендендіріледі [6]. Лексиканы оқытудағы оқушылардың оқу іс-әрекеті сөйлеудің жемісті жаттығулары мен практикасына, тиісті оқу жағдайлары мен кезеңдері үшін оқу бағдарламасында анықталған лексикалық минимумды берік игеруге ықпал етуі керек. ҚР Білім беру бағдарламасы негізінде 9-11 сынып оқушыларды игеруі керек дағды түрлері мыналар: коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту еріксіз есте сақтауға ықпал ететін ассоциативті процестерге негізделуі керек. Ассоциация синтагматикалық және парадигматикалық байланыстарға негізделген, яғни сөздің құрылымдық контексті мен семантикалық контекстін білу және оның синонимдері мен антонимдерін білуі қажет [7].

Мнемотехника бірнеше қарапайым принциптерге негізделген. Егер есте сақтау визуалды анализатор жүйесінде жүзеге асырылса, есте сақтау процесін саналы түрде басқаруға болады. Суреттерді есте сақтау, «суреттерді біріктіру» қарапайым ақыл-ой операциясымен жүзеге асырылады. Ақпараттың кез-келген түрін кескінге жылдам түрлендіру үшін кодтау әдістерінің шектеулі жиынтығы қолданылады. Осындай мәліметтерді жадта сақтау ұзақтығы есте сақталған ақпараттың белсендендіру жиілігіне байланысты. Қажет болса, көрнекі бейнелердегі бұл ақпарат рефлекторлық (автоматты) еске түсіру деңгейіне дейін жетуі мүмкін. Бұл жағдайда жатталған ақпарат өте тез есте қалады және көмекші визуалды бейнелерден ажырап, ол сөздердің өзін бөлек еске түсіріп, қолданыла алады [8, 7].

Мнемотехникалық әдістердің көмегімен сөздерді аз уақыттың ішінде жаттауға болады (норматив – бір суретті есте сақтауға 6 секунд). Шетелдік ғалымдардың тәжірибесі көрсеткендей мұндай жылдамдықпен оқу процесінде және күнделікті өмірде кездесетін ақпараттарды игеру үдерісі оңай өтеді. Айта кету керек, мнемотехника нақты ақпаратты есте сақтауға арналған. Сондықтан да оқу кезіндегі ақпарат неғұрлым күрделі және көлемді болса, оны мнемотехниканың көмегімен есте сақтау оңайырақ болады [9, 176].

Оқу процесінде білім алушының есте сақтау дағдылары қалыптаспаса, мнемоникалық әдістер де нәтижесіз болады. Есте сақтауда жаңа дүниені жадта бұрын есте сақталған

нәрсемен байланыстыру арқылы бекітілетін процес ретінде анықтауға болады. Бұл жеке тұлғаның тәжірибесін жаңа біліммен және мінез-құлық формаларымен байытудың қажетті шарты. Есте сақтау субъектінің айналадағы заттармен, дүниелермен әрекетінің табиғи өнімі. Осылайша адамның немен әрекет ететіні есте қалады [10, 179]. Есте сақтаудың тұрақтылығы адам санасында қалыптасқан парадигматикалық байланыстармен қамтамасыз етіліп, лексикалық бірліктерді оңай еске түсірумен және басқа бірліктермен үйлесімде қолданылуымен бағаланады [12].

Тіл үйренуші ана тіліндегі сөздер мен үйренуші тілдегі сөздер арасында автоматты байланыстар орнатылады, осының негізінде сабақ барысында сөйлеу қарым-қатынасы жандана түседі [3]. Мысалы: а) түркі тілдерінен орыс тіліне енген сөздер: казна (қазына), деньги (теңге), алтын (алтын), базар (базар), ватаг (а)/ (жатақ), карандаш (қарындаш), қаратас, булга (бұлға), кочевать (көшу); ә) орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздер: болыс (волость); сот (сут), бекет (пикет); майыр (майор); солдат, жандарал (генерал); самауыр (самовар); кереует (кровать); бөкебай (пуховый); камыт (хомут); соқа (соха); шәйнек (чайнек); божы (вожжи); кір (гири для весов); күркебай (круговой), піркәшік (приказчик); доға (дуга) және т.б.

Қазақ тілінде осындай сөздер көп болғандықтан, тіл үйренушінің сөздік қорын дамыту үшін осындай сөздер қолдануға болады. Бұндай қатарларды фонетикалық ассоциациялар әдісі деп атауға болады. Мнемотехниканың нәтижелілігінің күші ассоциативті әдістерді пайдалануда жатыр [11]. Бұл әдіс тіл үйренуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру процесі үшін ең танымал әдістердің бірі. Аталмыш әдістің мәні жаттанды сөзге ана тілінен енген сөз таңдалып алынып, сонымен бірге шет тілдегі дыбыс ана тіліндегі сөздің дыбысымен байланыстырылады. Осы екі сөздің арасында байланыстырушы берік «көпір» ассоциация жасалынады. Бұл кездегі визуалды тізбек төл сөздердің мағыналарын байланыстырады [3, 565]. Ассоциативті қатар неғұрлым қысқа болса, есте сақтау соғұрлым оңай болады.

Мысалы, қазақ, орыс тілдерінің қарым-қатынасын зерттеуде Ә. Қайдар: «Славян тілдері мен түркі тілдерінің арасындағы ертеден келе жатқан алыс-беріс, ауыс-түйістерді зерттеушілердің күні бүгінге дейін назарына ілінбей жүрген, ілінсе де тиісті шешімін таппай жүрген құбылыс – кейбір түбірлес, тұлғалас лексемалар» [13]. Қазақ тілін орыс тілді аудиторияға үйретуде алдымен осындай түбірлес сөздерді фонетикалық ассоциациялар әдісімен үйрету, біріншіден, тілге деген қызығушылықты оятса, екіншіден, сөздердің дыбысталуы мен мағынасы жақын болғандықтан жатталуы да оңай болады. Бұл өз кезегінде тіл үйреніп бастаған білім алушының тілге деген қызығушылығын арттыратыны анық. Мысалы, төмендегі 1-кестедегі сөздер:

Орысша	Қазақша
Цапать	Шап беру, шап ету
Таскать	Тасы
Сжимать, жим, жмурка, жмых, жмота	Жұм, жұмырық, жым болу, жымдай
Толочь, толчение	Талқанда
Топтать, топать, тапочки	Тапта, тапырақта

1-кесте

Әрбір мнемоникалық әдіс жеке сипатқа ие және есте сақтау техникасын таңдау адамның жасына және психикалық ерекшеліктеріне байланысты болуы керек. Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін еркін ассоциация әдісін қарастырып көрейік. Еркін ассоциация әдісі принципі санада табиғи байланыстары бар дәйекті бейнелердің пайда болуынан тұрады. Еркін ассоциациялар тізбегі қалыптасқаннан кейін оны ойша қайталау арқылы бекітуге болады. Есте қалған ақпарат таңдалған

анықтамалық кескіндер тізбегіне ассоциативті сілтемелер арқылы байланыстырылады. Ассоциативті әдіс кезінде пайдаланылатын суреттер қарапайым және нақты болуы керек. Ал көмекші суреттердің түпнұсқалығы сақталып, қайталанбауы маңызды.

Тіл үйренудегі сөздерді жаттау ерекшеліктері және оларды жадта іздеу әдістері, сонымен қатар әдіснама тұрғысынан лексикалық типология мәселелері – бұл еркін ассоциацияларды ашу үшін қолданылатын негізгі лингводидактикалық сұрақтар.

Еркін ассоциативті әдіске эксперимент жүргізген ғалымдардың пікірінше, тілдердегі баламалы сөздердің лексика-семантикалық құрылымын зерттеу нәтижесінде әдіскерлер олардың семантикалық портреттеріндегі сәйкестіктер мен айырмашылықтарды және жеке семалардың психологиялық ұқсастықтарын көрнекі түрде қадағалау мүмкіндігіне ие болды. Басқа лексикалық бірліктермен байланыстар мен қарым-қатынас түрлерін зерттеу, сондай-ақ бұл сөздердің ана тілінде сөйлейтіндер үшін маңыздылық дәрежесін бағалау. Бұл олардың біреуін екіншісінің негізінде оқыту кезінде осы тілдердің өзара әрекеттесу процесіне дағдылану мен сөздердің араласу ықтималдығы туралы болжам жасауға мүмкіндік береді [14, 58].

Шетелдік сөзді есте сақтауға әсер ететін факторлардың бірі – үйренуші тілдегі жаңа сөздің немесе оның компоненттерінің бұрын алынған немесе бір мезгілде қабылданған материалмен корреляция жасау мүмкіндігі, яғни сөзді әртүрлі типтегі ассоциативті байланыстарға қосу мүмкіндігі [15, 40]. Бұл жерде әдіскерлердің көмегіне әдістемелік типология келеді, оны ғалымдар «сөз түрлерін оқушылардың меңгерудегі іс-әрекетінің ерекшеліктеріне сәйкес ажырату» деп түсіндіреді [14, 57]. Ал бұл міндет «шетел тіліндегі сөзді жаттау мен оны қолдану тетіктерін зерттемей шешу мүмкін емес, өйткені тек осы негізде ғана біз материалдың сипаттамаларына және онымен жұмыс істеу мақсатына сәйкес келетін сөздік қорын игеру қызметін ұйымдастыруды жүйелей аламыз» [14, 57].

Бұған ассоциативті тезаурустарды егжей-тегжейлі талдау арқылы қол жеткізілетін есте сақтаудағы сөздерді бір-бірімен тіркестіру принциптерін және оларды форма мен мағына бірлігінде қайта жасау тәсілдерін білу еркін ассоциативті әдісті нәтижелі ұйымдастыруға ықпал етеді [16].

Мысалы, орыс тіліндегі ложка – «қасық» сөзі чашка – «кесе» сөзімен байланысты, ол өз кезегінде «шәй» деп аударылатын чай сөзін еске түсіруі мүмкін т.б. Еркін ассоциативті тізбек адамның немесе заттардың жеке ерекшеліктеріне байланысты кез келген бағытта осылай жалғаса алады. Ең бастысы, біз бұл тізбекті кейін қайталау арқылы есті жаңғыртып отыруымызға болады. Еркін ассоциация әдісі басқа қосымша бейнелерді жылдам есте сақтау қажет болған кезде өзге де әдістерді түрлендіру мақсатында қолданыла береді.

Мнемотехникадағы белсенді қайталау әдісі. Мнемотехникадағы қайталау кәдімгі қайталауға мүлдем қарама-қарсы процесті білдіреді. Әдетте, қайталау ақпаратты бірнеше рет қабылдауды білдіреді, ал мнемотехника тұрғысынан қайталау ақпаратты қайталап еске түсіру процесі болып табылады. Есте сақталған ақпаратты қайталап еске түсіріп отыруды белсенді қайталау деп аталады [8, 20].

Мнемоникалық қайталау есте сақтау үшін емес, ақпаратты жадта сақтау үшін жүзеге асырылады [17].

Есте қалған ақпаратты белсендіруге болатын уақыт аралықтары есте сақталатын ақпараттың күрделілігі мен көлеміне де, оқушының есте сақтауына және белгілі бір адамның функционалдық жағдайына да байланысты болуы мүмкін. Мысалы лексикалық дағдыларды қалыптастыру үшін сөздерді есте сақтауда төмендегідей қайталау схемасын ұсынуға болады:

1. Сөздерді бірінші рет еске түсіру лексиканы есте сақтағаннан кейін шамамен 40 - 60 минуттан соң жасалуы керек. Дәл осы уақыт ішінде жадта бір рет қалыптасқан байланыстар жойылады.
2. Екінші рет еске түсіру – соңғысынан шамамен үш сағат өткен соң.
3. Үшінші еске түсіру – соңғысынан 6 сағат өткен соң.
4. Төртінші еске түсіру келесі күні, таңертең.

Ақпарат қаншалықты жиі еске түсірілсе, соғұрлым ол миға жақсырақ сіңеді. Тіл үйренуде сөздерді жаттау кезінде оларды үнемі ойша қайталауға болады, соның ішінде әртүрлі грамматикалық құрылымдардағы жаңа сөздерді. Осы негізде интенсивті оқыту принципі жүзеге асырылады, яғни үзіліссіз оқыту арқылы пәнді тереңдету (погружение) [8, 21].

Есте сақталған ақпараттар жадыға түскеннен кейін қайталаудың әсерінсіз-ақ мида бір жарым ай жақсы сақталады. Бір жарым айдан кейін қайталау болмаса есте сақталған мәліметтер ұмытыла бастауы мүмкін.

Мнемотехниканың көмегімен меңгерілген мәліметтерді кейін қайталап отырудың қажетті шарты білім алушылардың тура және кері амалдарды меңгеруі болып табылады, яғни қайта кодтау арқылы ғана емес (есте сақтау кезінде), декодтау арқылы да жүзеге асады(кейіннен қайталау кезінде). Айта кету керек, мектеп оқушыларының есте сақтау қызметінің ерекшеліктері жалпы психикалық дамуға сәйкес әр кезеңге қарай өзгеріп отырады. Орта мектеп жасында есте сақтау мәнді түрде жүреді, жоғары сынып оқушылары зейінді жеткілікті түрде басқара алады, сондықтан жаңа ақпаратты есте сақтауда мнемотехниканы қолданады [4].

Нәтижелер. Ғылыми мақала қазақ тілін оқыту процесінде лексикалық дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде мнемотехникалық әдістерді зерттеуге арналған. Жұмыс мнемотехниканың жаңа сөздер мен сөз тіркестерін игеруге және есте сақтауға әсерін анықтауға, сондай-ақ олардың педагогикалық практикада қолданылуын талдауға негізделген. Мақалада қазақ тілінің лексикасын оқытуда мнемотехниканы қолданудың тиімділігін көрсететін және олардың білім беру сапасын арттырудың маңызды құралы ретіндегі рөлін негіздейтін зерттеу нәтижелері келтірілген.

Мақаламыздың бұл бөлімінде білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыруда мнемотехника әдісінің тиімділігін дәлелдейтін тұжырымдарды келтірдік.

Қазақ тілін оқытуда білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыруда мнемотехника әдістерін пайдалануда басшылыққа алынатын негізгі ұстанымдар:

- Әрбір мнемоникалық әдіс жеке өзіндік сипатқа ие, сондай-ақ есте сақтау техникасын таңдау білім алушының жасы мен психикалық ерекшеліктеріне байланысты болуы керек;
- Тіл үйретуде фонологиялық және лексика-грамматикалық жүйе мағына деңгейінде байланысты болуы керек;
- Мнемотехниканы қолдануда образды суреттер неғұрлым қанық, түсінікті, көлемі аз болуы қажет;
- Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту еріксіз есте сақтауға ықпал ететін ассоциативті процестерге негізделуі керек.
- Кез келген ақпарат түрін жиі қайталау нәтижесінде есте сақтау процесі сөзді визуалды бейнелерден ажыратып, ол сөздерді бөлек есте сақтауға ықпал етеді;
- Білім беру үдерісінде мнемотехниканы пайдаланудан бұрын оқушының есте сақтау дағдысын қалыптастыру керек;
- Есте сақтауда жаңа дүниені жадта бұрын есте сақталған нәрсемен байланыстыру нәтижелі болады;
- Фонетикалық ассоциация әдісін пайдалану кезінде тілдегі дыбыс ана тіліндегі сөздің дыбысымен байланыстырылу нәтижелі болады;
- Ассоциативті әдіс кезінде пайдаланылатын суреттер қарапайым және нақты болуы керек.

Бұл ұстанымдар тақырыпқа байланысты жазылған зерттеулерден талданып, екшеленіп алынды. Мысалы, Е.Ю. Панина, Е.И. Пасждсов, М.А. Зиганов, А.А. Залевская еңбектері мен отандық зерттеушілер С.Қ. Омарова, Қ.Қ. Қадашева, А.Қ. Мырзаханова еңбектеріне шолу жасалды. Әйтсе де, мнемотехника әдістерін пайдаланып білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыру мәселесі әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Сонымен, қазақ тілін оқытуда мнемотехника әдістерін жүйелі пайдалану лексикалық дағдыларды қалыптастыруға өз ықпалын тигізеді.

Қорытынды. Қазақ тілін меңгертіп, тіл үйренушінің лексикалық дағдыларын қалыптастыру – күрделі үдеріс. Мақалада ұсынылған мнемотехникалық әдістер сабақтың коммуникативтік оқу материалын меңгеру мен лексикалық минимумдарды есте сақтау мен оларды грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстыруда ең тиімді әдістердің бірі ретінде қарастыруға болады.

Мнемотехникалық әдістер арқылы қазақ тілі сабақтарында оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастырып, сөздерді оңай жаттап, тіл үйренушінің есінде дұрыс сақтап, машықтандыруды да дұрыс орындауға мүмкіндік береді.

Кез келген тілді үйренудегі алғышарттардың бірі лексикалық дағдыларды қалыптастыру болса, қазақ тілін оқыту үдерісінде осындай тиімді әдістер қолдану оқу үдерісін нәтижелі етері сөзсіз. Мысалы:

- ұзақ мерзімді жадтан жедел жадқа лексикалық бірліктерді шақыру;
- тиісті коммуникативті тапсырмаға сәйкес лексикалық бірліктерді дұрыс таңдау;
- сөздерді байланыстырып сөйлем құрай алу, ауызша және жазбаша тілде лексикалық бірліктерді мағынасымен тану сияқты дағдыларды білім алушының бойына ең оңай, тиімді, нәтижелі әдіс – мнемотехника арқылы қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер

1. Ораз А.Н. Қазақ тілін оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастырудың әдістері (қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарда) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 408–422. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.32>
2. Smagulova, J. When language policy is not enough // International Journal of the Sociology of Language, 2021. – № 2021(267-268). – P. 265. <https://doi.org/10.1515/ijsl-2020-0101>
3. Аль-Кайси А.Н., Кутсони О.М., Руденко-Моргун О.И. Использование мнемонических приемов и опор в процессе обучения русскому языку билингвов // Полилингвильность и транскультурные практики. 2018. Т. 15. №4. С. 564–572. DOI 10.22363/2618-897X-2018-15-4-564-572
4. Омарова С.Қ., Қадашева Қ.Қ., Мырзаханова А.Қ. Қазақ тілін үйретуде мнемоникалық әдістерді қолданудың тиімділігі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 209–220. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18>
5. Kahraman C., Zengin B. Facilitation potential of the mnemonics for the teaching of japanese vocabulary to turkish speakers // HUMANITAS-Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi. – 2014. – Т. 2. – №4. – С. 165-182.
6. Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам/ Е. И. Пассов. – М.: Русский язык, 2015. – 278 с.
7. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (қаралды: 04.03.2024)
8. Зиганов М.А. Мнемотехника. Запоминание на основе визуального мышления. – М.: Наука, 2000. – 173 с.
9. Панина Е. Ю., Пахолкова Т. А. Мнемотехника в обучении лексической стороне речи старшекласников // Проблемы романо-германской филологии, педагогики и методики преподавания иностранных языков. – 2014. – №10. – С. 176-181.
10. Петровский А.В. Введение в психологию: учеб. – М.: Литер, 1996. – 496 с.
11. Kahraman C., Zengin B. Facilitation potential of the mnemonics for the teaching of japanese vocabulary to turkish speakers // HUMANITAS-Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi. – 2014. – Т. 2. – №4. – С. 165-182.
12. Соловова Н.В. Методика обучения иностранным языкам: базовый курс лекций. – М., 2002. – 238 с.
13. Қайдар Ә. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.

14. Залевская А. А. Некоторые проблемы подготовки ассоциативного эксперимента и обработки его результатов //Экспериментальные исследования в области лексики и фонетики. Калинин: КГУ. – 1971. – С. 15-62.

15. Алферова Ю.И. Профессионально маркированные компоненты языкового сознания, репрезентированные единицами родного и изучаемого языков. [Электронный ресурс] URL: <http://starling.rinet.ru/~minlos/thesis/Alferova2005.pdf> (дата обращения: 05.03.2024)

16. Мягкова Е. Ю. Моделирование внутреннего метаязыка при обучении пониманию иноязычного текста //Слово и текст: психолингвистический подход. – 2006. – №6. – С. 122-130.

17. Зиганов М.А, Козаренко В.А, Семин А.Н. Техника запоминания иностранных слов. – М.: Книга, 2002. – 144 с.

А.Н. ОРАЗ, Қ.Т. МАЛИКОВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Н.С. ХАЛИКОВА

Южно-Казахстанский педагогический университет имени Озбекали Жанибеков,
Шымкент, Казахстан

МНЕМОТЕХНИКА КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЛЕКСИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация. В статье говорится о методике использования мнемотехники в процессе обучения на занятиях по обучению казахскому языку как второму при формировании лексических навыков при обучении казахскому языку. Цель статьи – проанализировать эффективность сочетания мнемотехники в традиционном процессе обучения. Использование мнемотехники в процессе обучения способствует произвольному запоминанию лексических единиц, помогает быстро вызвать их из долговременной памяти, грамматически связать лексические единицы и понять их грамматическое значение.

В научно-исследовательском работе рассматриваются различные методы мнемотехники для оптимизации формирования лексических навыков учащихся, а именно: метод фонетических ассоциаций, метод свободных ассоциаций, методы активного повторения. В работе особое внимание уделяется ряду преимуществ использования мнемических методов как эффективного средства формирования лексических навыков, а также проблемам, которые могут возникнуть при использовании этого метода в учебном процессе.

В статье обобщены результаты анализа педагогической и методической литературы по вопросу использования мнемотехники в аспекте формирования лексических умений обучающихся, а также проанализированы альтернативные взгляды ученых и педагогов-практиков, которые подтверждают актуальность исследовательской работы для современных языковая дидактика. Делается вывод о высоком потенциале мнемотехники для повышения эффективности процесса обучения языку.

Методически правильная интеграция мнемотехники в учебный процесс способствует увеличению объема усваиваемых студентами лексических единиц, более детальному распознаванию сложных для понимания материалов на языке, формированию у учащихся дидактических навыков. Созданная благодаря позитивной учебной среде эффективная образовательная ситуация способствует формированию лексических навыков учащихся на высоком уровне.

Ключевые слова: лексические навыки, мнемотехника, ассоциация, мнемонические методы, изучение языка.

A.N. ORAZ, K.T. MALIKOV

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

N.S. KHALIKOVA

South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent,
Kazakhstan

MNEMONICS AS A MEANS OF DEVELOPING LEXICAL SKILLS WHEN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

Annotation. The article talks about the methodology of using mnemonics in the learning process in classes on teaching Kazakh as a second language in the formation of lexical skills when teaching the Kazakh language. The purpose of the article is to analyze the effectiveness of the combination of mnemonics in the traditional learning process. The use of mnemonics in the learning process promotes involuntary memorization of lexical units, helps to quickly recall them from long-term memory, grammatically link lexical units and understand their grammatical meaning.

The research project examines various mnemonics methods to optimize the formation of students' lexical skills, namely: the method of phonetic associations, the method of free associations, methods of active repetition. The work pays special attention to a number of advantages of using mnemonic methods as an effective means of developing lexical skills, as well as problems that may arise when using this method in the educational process.

The article summarizes the results of the analysis of pedagogical and methodological literature on the use of mnemonics in the aspect of developing students' lexical skills, and also analyzes alternative views of scientists and practicing teachers, which confirm the relevance of research work for modern language didactics. It is concluded that mnemonics have a high potential for increasing the efficiency of the language learning process.

The methodologically correct introduction of mnemonics into the educational process helps to increase the volume of lexical units assimilated by students, a more detailed understanding of intra- and interlingual complexities, and develops didactic skills in students. An effective educational situation created through a positive learning environment contributes to the development of students' lexical skills at a high level.

Keywords: lexical skills, mnemonics, association, mnemonic methods, language learning.

References:

1. Oraz A.N. Qazaq tilin oqytuda leksikalyq dagdylardy qalyptastyrudyn adisteri (qazaq tilinde oqytpaityn synyptarda) //Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2 (128). – B. 408–422. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.32>
2. Smagulova, J. When language policy is not enough //International Journal of the Sociology of Language, 2021. – № 2021(267-268). – P. 265. <https://doi.org/10.1515/ijsl-2020-0101>
3. Al'-Kajsi A.N., Kutsoni O.M., Rudenko-Morgun O.I. Ispol'zovanie mnemonicheskikh priemov i opor v processe obuchenija russkomu jazyku bilingvov // Polilingvial'nost' i transkul'turnye praktiki. 2018. T. 15. №4. S. 564–572. DOI 10.22363/2618-897X-2018-15-4-564-572
4. Omarova S.Q., Qadasheva Q.Q., Myrzahanova A.Q. Qazaqtilinuiretudemnemonikalyqadisterdi qoldanudyntiimdiligi //Iasau universitetinin habarshysy. –2023. –№4 (130). –B. 209–220. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18>
5. Kahraman C., Zengin B. Facilitation potential of the mnemonics for the teaching of japanese vocabulary to turkish speakers //HUMANITAS-Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi. – 2014. – T. 2. – №4. – C. 165-182. <https://doi.org/10.20304/husbd.51154>
6. Passov E.I. Osnovy metodiki obuchenija inostrannym jazykam /E.I.Passov. – M.: Russkij jazyk, 2015. – 278 s.
7. Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020 – 2025 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (date of access: 04.03.2024)

8. Ziganov M.A. Mnemotekhnika. Zapominanie na osnove vizual'nogo myshlenija. – M., 2000. – 173 s.
9. Panina E. Ju., Paholkova T. A. Mnemotekhnika v obuchenii leksicheskoj storone rechi starsheklassnikov // Problemy romano-germanskoj filologii, pedagogiki i metodiki prepodavaniya inostrannyh jazykov. – 2014. – №10. – S. 176-181.
10. Petrovskij A.V. Vvedenie v psihologiju: ucheb. – M., 1996. – 496 s.
11. Kahraman C., Zengin B. Facilitation potential of the mnemonics for the teaching of japanese vocabulary to turkish speakers //HUMANITAS-Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi. – 2014. – T. 2. – №4. – S. 165-182.
12. Solovova N.V. Metodika obuchenija inostrannym jazykam: bazovyy kurs lekcij. – M., 2002. – 238 s.
13. Qajdar A. Qazaq tili tarihi leksikologijasynyn maseleleri. – Almaty: Gylym, 1988. – 200 b.
14. Zalevskaja A. A. Nekotorye problemy podgotovki asociativnogo jeksperimenta i obrabotki ego rezul'tatov //Jeksperimental'nye issledovaniya v oblasti leksiki i fonetiki. Kalinin: KGU. – 1971. – S. 15-62.
15. Alferova Ju.I. Professional'no markirovannye komponenty jazykovogo soznaniya, reprezentirovannye edinicami rodnogo i izuchaemogo jazykov URL: <http://starling.rinet.ru/~minlos/thesis/Alferova2005.pdf> (date of acces: 05.03.2024)
16. Mjagkova E. Ju. Modelirovanie vnutrennego metajazyka pri obuchenii ponimaniyu inojazychnogo teksta //Slovo i tekst: psiholingvisticheskiy podhod. – 2006. – №6. – S. 122-130.
17. Ziganov M.A, Kozarenko V.A, Semin A.N. Tehnika zapominaniya inostrannyh slov. – M., 2002. – 144 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Ораз Айдана Нурмаханқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Ораз Айдана Нурмахановна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Oraz Aidana Nurmakhankyzy – Doctoral student L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Маликов Қуанышбек Турарбекович – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Маликов Куанышбек Турарбекович – кандидат филологических наук, доцент, Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Malikov Kuanyshbek Turarbekovich – Candidate of Philology, associate professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Халикова Нурила Сатыбалдықызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Халикова Нурила Сатыбалдиевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель Южно-Казахстанского педагогического университета имени Озбекали Жанибеков, Шымкент, Казахстан.

Khalikova Nurila Satybaldievna - Candidate of Philology, Senior Lecturer South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan.